

**«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ.МКК
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС**

ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 29 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: ЭБГ акт залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, гимназия әкімшілігі, ата-аналар комитетінің өкілдері

Күн тәртібі:

1. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды санаттар бойынша тіркеуге алу және құжаттармен танысу.
2. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.
3. «Балаға мейірім сыйла» республикалық акциясы аясында өткізілген «Қамқоршы күні» мерекесінің қорытындысы.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Г. Лямов сөз сөйледі.

Гимназиядағы қамқоршылық кеңес мүшелері материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтап, санаттар бойынша тіркеуге алды. Қажетті құжаттармен танысу мақсатында ата-аналар мен сынып жетекшілер хабардар етілді. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, тұрмыстық жағдайды зерттеу мақсатында үйлер араланып, тиісті актілер жасалынды.

2-мәселе бойынша:

Тыңдалды: Н.Г.Аюпова- ДТЖО Оқушылардың сабаққа қатысуы қамқоршылық кеңес мүшелерінің, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің қатаң бақылауында. Сабақтан жиі қалатын оқушылар анықталып, олармен жеке жұмыс жүргізілуде.


3-мәселе бойынша:


Тыңдалды: Д.М.Негметова – әлеуметтік педагог: Қазан айының 21 күні «Балаға мейірім сыйла» республикалық акциясы аясында «Қамқоршы күні» мерекесі өткізілді. Акция барысында аз қамтылған, жартылай жетім және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына қысқы киімдер, аяқ киімдер және сыйлықтар демеушілер тарапынан табыс етілді.

Қайырымдылық іс-шаралар уақытылы өткізілуде, іс-шаралар гимназия әкімшілігі, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері және оқушылардың белсенді қатысуымен жүзеге асуда. Қамқоршылық кеңесінің жұмыстары туралы ақпарат гимназияның әлеуметтік желісінде жүйелі түрде жарияланып отырады.

Қаулы етілді:

1. Материалдық көмекке мұқтаж оқушылар тізімі бекітілсін.
2. Сынып жетекшілеріне тұрмысы төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жалғастыру тапсырылсын.
3. Қайырымдылық іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруды жалғастыру.
4. Қамқоршылық кеңесі жұмысының нәтижелері мен іс-шаралар туралы мәліметтерді әлеуметтік желілерде тұрақты жариялап отыру.

Төрайымы:  А.З.Кайржанова

Хатшы:  Л.М.Садыкова

